

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2010 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекіту жөнінде

Қазақстан Республикасы Парламентінің 2011 жылғы 20 маусымдағы № 121 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2010 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін қарап, Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Парламенті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер - 3 626 177 218,7 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер - 2 083 554 690,6 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер - 71 428 742,9 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 23 736 469,4 мың теңге;
 - трансферттер түсімдері - 1 447 457 315,7 мың теңге;
- 2) шығындар - 3 860 974 242,0 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредит беру - 35 981 195,4 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер - 138 296 647,8 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу - 102 315 452,4 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 284 011 052,1 мың теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу - 284 711 093,0 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 700 040,9 мың теңге;
- 5) тапшылық - (-)554 789 270,7 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 554 789 270,7 мың теңге.

2. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2010 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі бекітілсін.

*Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің*

Төрағасы

О. МҰХАМЕДЖАНОВ